

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ӘДІСТЕР



**Фәтима САНҚАЙБАЕВА**

*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті  
Тарих кафедрасының аға оқытушысы, Семей қ.*

XXI ғасыр техника заманы. Жаңалықтар уақыты. Өзгерістерге толы дәуір. Мұның бәрін адамзаттың өзі жасаған ойластырған жаңашылдығы әкелді. Яғни бұл баға жетпес тарих. Тарих және қоғамдық пәндер саласы пән ретінде аса маңызды. Өйткені олар бүкіл адам баласының басынан өткізген жағдайын, тарихи тәжірибесін баяндайды. Сондықтан тарихи білім әрбір адамға қажетті білім болып табылады.

Тарихты оқыту мен тарихи білімге терең назар аударудың бірқатар себептері бар. Қазақстан дербес тәуелсіз мемлекет болды. 1995 жылдың тамыз айында бүкілхалықтық дауыс беру нәтижесінде қабылданған жаңа Конституция жаңа мемлекеттік органдарды заңдастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге әрбір жеке адам мен азаматтың кең көлемді демократиялық құқықтары мен бостандықтарын баянды етті. Міне бұл ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікпен келген толағай табыстар. Бұл Отан тарихының жарқын беттерінің жеңістері. Яғни біз ел тарихын жасаған патриоттар ұрпағымыз. Мақтан тұтарлық жайт.

Тарихи білімді адам ғана өз өмір сүрген қоғамдағы орнын, атқаратын қызметін дұрыс анықтай алады. Сондықтан да дүние жүзіне белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтқандары көп. Соның бірі «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды, келешекті болжау қиын» – десе, А. Байтұрсынұлы «Адам өмірінің ұлы ісінің бірі – тарихты білу және құрметтеу» – деп өте жоғары бағалаған.

Осыдан болар әрбір тәуелсіз ел дамыған өз мемлекетінің, халқының тарихы оқып үйренуге алдымен мектепте оқытуға ерекше мән берілуі керек. Себебі тарих туралы теориялар көп. Олар: табиғи, тарихи, реалистік, социологиялық, нормативтік, психологиялық, материалистік теориялар. Ол теориялардың дұрысы да, бұрысы да бар. Бұл мәселе кез келген мемлекетті ойландыратыны қызық. Тарих – әлеуметтік құбылыс, онсыз дамыған қоғам болашақ емес;

Тарих – қоғамдық және жеке адамдардың мүдде-мақсатын айқындайтын білім;

Тарих – меншіктің барлық түрлерінен анықтама беретін сала;

Тарих – мемлекетті қалыптастырған және оның бақылауындағы, қоғамдық тәртіпті суреттейтін білім негізі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін жаппай Отандық тарих пен халықтың құқықтық – тарихи білім алуы мен тарихи саналылыққа тәрбиеленуі ғылыми зерттеуді қажет ететін тақырыпқа айналды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев жұртшылық алдында сөйлеген сөздерінде, өзінің еңбектерінде Отандық тарихты оқып білу нәліктен қажет екендігіне үнемі назар аударып келеді. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің басты құралы Отан тарихын оқып үйренудің қажеттігі туралы: «Бұл – тәуелсіз Қазақстанның азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи қалыптасқан жолын ой елегінен өткізе отырып, «Кеше кім едік? Бүгін кімбіз? Ертең кім боламыз?» деген сұрақтар төңірегінде ойлансын деген сөзі әр қазақстандық азаматтар үшін туған елінің, туған халқының тарихы мен құқығын ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз. Бұл – әрбір азаматтың тарих пен құқық қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабасы қалыптастырған және қалдырған дала заңдылықтарымен конституциялық құқықтарын терең түсіне отырып, кең байтақ жерінің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» деген сөздерін барлық қазақстандық жастарға арналған үндеуі ретінде қабылдаған дұрыс.

Мақсаты:

- Жастарды адами саналылық пен жан-жақтылы дамытуға тәрбиелеу;
- яғни ел тарихын құрметтеу,
- жастардың өзі ауасын жұтып, суын ішіп отырған, бар болашағын ойластырып, тыныш өмір сыйлап отырған елінің ұлттық құндылықтарын, өркениетін сыйлауға тәрбиелеу,
- еркін қоғамда саналы өмірге, төзімділікпен өзінің құқығын жан-жақты білуге үйрету;
- өз Отанын сүйуге, қорғай білудің маңыздылығын түсіндіру.

Мұның бәрі қазіргі замандағы оқытудағы дәстүрлі әдістермен бірге инновациялық технологияларды заман талабына сай оқыту процесінде пайдалануға байланысты болмақ.

Алдымен жалпы жаңа технологиялар не үшін керек? Бұл сұраққа жауап іздейтін болсақ әрине оқушылардың алған білімдерін тиянақтау үшін барлық оқытудың мүмкіндіктерін қарастырған дұрыс. Сабақ барысында да сабақтан тыс уақытта да өз бетінше жұмыс істей алуына жағдай жасап, алған білімдерін білетін нәрселерін басқаларға жеткізіп сөйлеуіне оның дағдысын қалыптастырушы әрине пән мұғалімі. Оқытушы пән негізін меңгерту үшін оқытудың жаңа технологиясын іс тәжірибе жүзінде дұрыс іске асыра алуы қажет. Бұл жұмыста оқытудың бірнеше технологиясына тоқталмақпын. Қазақстан тарихы оқытуда қолданатын инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі өте зор. Ол үшін тек баяндау ғана емес, ойын элементтерін, түрлі оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануды ұстаз өзі жетік меңгеруі тиіс.

«Инновация» яғни жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Яғни әдіс, процесс ретінде инновация әлдебір жаңалықты енгізу деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсаты мен мазмұнына мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуі дегенді танытады. Жаңашылдық өздігінен пайда болмайды, ол ғылыми ізденіспен біліктіліктің нәтижесінде пайда болады. Әсіресе пән мұғалімдарінің рөлі арта түсуі керек. Тарихшы мұғалім ол – қоғам субъектісін қалыптастырушы, мәдениет және саясаткер, экономист және заңгер, қоғамтанушы ретінде жан-жақты дайындықта болуы шарт, бүгінгі күні. Осы кезде жаңаша қабылдау, бағалау, іске асыру дағдылары қалыптасады.

Білім беруші, тарихшы «Тарих әрбір ұлттың ең басты кітабы» дегенді есте сақтай отырып, екі мәселелеге назар аудару керек. Олар:

1. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату.

2. Педагогикалық-психологиялық ғылымдар жетістігін практикада қолдану.

Бұны жүзеге асыруда қазір мүмкіндіктер жетерлік. Тарих мұғалімі ғана емес барлық жас ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеушілердің жан ашыры болатын мұғалімдер жауапты. Сол үшін алдымен әрине оқылатын пәннің мақсаты мен міндеттерін анықтау керек. Тарихты оқытуда негізгі қарастыратын мәселелері Нені оқытамын? Не үшін оқытамын? Қалай оқытамын? деген сұрақтар Отан тарихын беретін мұғалім назарында болуы қақ.. Осы үшеуін шешсек сабақтың түпкі мақсаты – нәтиже болатындығы анық. Әрине түрлі әдістер мен жолдары көп таңдауды дұрыс жасау қажет. Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі мен дәстүрлі емес формалары көп. Пайда болғандары 10–15 жылдай болса да әртүрлі дәстүрлі әдісті қолдану тиімді болды. Әрине ол үшін мұғалімнің тақырыпқа сай дидактикасы мол болса, оқушылардың тақырыпты меңгеруі табысты болмақ. Сондай әдістің бірі – тірек конспектiлерiн қолдану (Шаталов әдісі бойынша). Әрине дайындық қажет. Тірек конспектiсi әртүрлі түспен анық-ашық орындалуы тиіс. Мұғалім тақырыптың мазмұнын білуі тиіс. Мысалы мынадай:



Кез келген сабақ мұғалім еңбегінің шығармашылық жемісі. Тәуелсіз мемлекетіміздің білімді ұрпақтарын қалыптастыруда тарих пәнінің оқытылуына ерекше жауапкершілік керек. Әр сабақ көп ізденуді, шеберлікті қажет етеді. Пәнге деген қызығушылықты арттыруда негізгі мақсаттар айқын қойылуы қажет. Мысалы: «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбы бойынша оқыту үшін «Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы» туралы егжей-тегжейлі мәселелер түсіндірілуі керек. Алдымен мақсаттары:

- Мемлекеттің күшеюі;
- Қазақ мемлекетін құруындағы заңдылық мәні,
- Ішкі-сыртқы саясат бағыттарын түсіндіру.

Оқушыларға өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, патриоттық тәрбие беру болады. Осылайша түсіндірулер арқылы ішкі-сыртқы саясатты түсіндіріп, бекіту жұмысында мынадай кесте немесе сызбаны құрастыруға болады.



Тарих пәнін оқытуда пәнаралық, курсаралық, курсішілік ұстанымдарды да жүзеге асыру керек. Пән қоғамтану, экономикалық география, құқық, әдебиет пәндерімен байланысты, сондықтан да олардың арасындағы байланыстылықты аша түсу тиіс. Тарих өмірмен, қазіргі жағдайлармен де өте тығыз байланысты. Сондықтан тарих мұғалімінің өзінің ұстаздық бейнесі үнемі жоғары болуы керек. Жағдайлар жасалуда, кемшіліктер де жоқ емес. Бірақ бірлесе отырып, шешкен істің нәтижелі болатындығын баршамыз білеміз. Ендеше іске сәт.

Келесі бір жақсы әдістемелік тәсілдердің бірі – тірек конспектiлерiн пайдалану болып табылады. Шығармашылықпен жұмыс iстейтiн жаңашыл оқытушылар тарихты оқытудағы өз әдiстерi мен жүйесiн қалыптастырады. Сондықтан бұл жұмысқа кiрiспестен бұрын өз күшiң мен мүмкiндiгiңдi салмақтап, нақты оқу жүйесiндегi жұмыс тәжiрибесiмен танысып, алған орынды.

Тірек конспектілерін қалай пайдалануға болады? Жұмысты жана бастаған жас мұғалім ең алдымен мектеп оқулығының мазмұнын жете меңгеруі керек, оны бастан-аяқ толық оқып шығып, соңынан жеке тақырыптар бойынша талдап оқиды. Тақырыпты оқу барысында мұғалім мәтінге құрылымдық-функционалдық талдау жасап, сонымен бірге оқулықтың қандай тақырыптарын бір сабаққа топтастыруға болатындығын анықтайды.

Осындай әдістерді қолданушылардың бірі – көрнекті әдіскер В.Ф. Шаталов тірек-сигналдарды қолданып, конспект-парақ дайындаудың мынадай жаднамасын ұсынады:

1. Оқулықтың тарауы немесе білімін мұқият оқып шығып, өзара байланысы мен өзара тәуелділігіне қарай мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу;
2. Мәтіндегі баяндау тәртібі мен негізгі ойды қысқаша мазмұндау;
3. Қысқартылған жазбаны алдын ала қағазға түсір;
4. Ол жазбаларды кескіндемелік, әріптік, рәміздік белгілерге айналдыру қажет;

5. Сигналдарды блоктарға біріктіру;

6. Блоктарды кескінмен (контур) бөлекте және олардың өзара байланысын кескіндемелік белгілермен белгілеу;

7. Маңызды бөліктерді бояу, түспен бөліп көрсету.

Тірек-сигналдар конспектісін жазғанда рәміздік-сөздік, суреттік, шартты-кескіндемелік белгілерді қолдану. Тірек-сигнал конспектілерімен жұмыс істеуде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріледі.

*Жаңашыл педагогикалық технологиялардың бірі – модульдік технология.* Модульдік технологиямен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге ала отырып, қазіргі дидактика талабына сәйкес оқушыларды оқытып қана қоймай, тұлға ретінде дамуына, танымдық қызметін қалыптасыруға, оқу үрдісін диалогтық қарым-қатынас негізінде құруға ұмтылу керек. Бұл әдіс оқу процесінде мұғалімнің жұмысына кейбір өзгерістерді қосады.

Соңғы жылдары тарих сабақтарында оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу, басқаның пікірін тыңдай білу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту жолында жұмыс жүргізілуі қажет. Оның мақсаты – оқушыларды белсенділікке, өз бетімен білім алуға, ізденуге, өздерін тұлға ретінде сезіне білуге үйрету.

Педагогикалық әдістемедегі оқыту кезеңдерінде қайталау тәсілін пайдалансақ, оқыту құрылымы ортақ, мазмұны әртүрлі жекеленген блоктардан тұратын модульдік сипат алады.

Модульдік технологиямен оқыту нұсқасында білімді толық игеруді негізге алу қажет. Қазіргі дидактика талабына сәйкес оқушыларды оқыту ғана емес, тұлғаның танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу үрдісін диалогтық қарым-қатынас негізінде құруға болады. Бұл оқу үрдісі мен мұғалімнің жұмысына кейбір өзгерістер туғызады. Оның жалпы нұсқасы мынадай:

1. Оқушыларды оқу мақсатымен таныстыру.

2. Сынып оқушыларын пәннің бағдарламасындағы ұқсас тақырыптар мазмұндары, яғни ұқсас бірнеше тақырыптан тұратын (тарау) блок модулімен таныстыру.

3. Мұғалімнің белгілік (знак) жүйе бойынша (сызба, кесте т.б.) қысқаша мазмұндауы (оқушыларға материал кодталған түрде түсіндіріледі, не зерттеу, іздену бағыты негізге алынады).

4. Оқушының таным қызметіне негізделген диалогтық қарым-қатынасы мен сабақ сайын әрбір оқушының білім нәтижесінің бағалануын ұйымдастыру.

5. Оқу материалына негізделген ортақ тақырыптарға қайта-қайта орала отырып, үдемелі түрде зерттеу керек.

6. Бүкіл тақырып бойынша тест өткізу.

7. Тақырып бойынша деңгейлік сынақ, бақылау жұмысы, тарихи шығармалар жаздырту.

Әрине оқыту әдістерін тандау бүгінгі Отан тарихын оқытуда да керек тәжірибе. Ол...



Оқытудың сөздік әдістері: әңгімелеу, түсіндіру, кітаппен жұмыс, оқу және талқылау.

Оқытудың тәжірибелік әдіс-тәсіліне жағатындар: – Жағтығу жүргізу; – көрнекіліктер мен жұмыс, – зерттеу жұмысын жасау, – тест тапсырмаларын шешу, – сынақ сұрақтарына жауап алу т.б.

Сонымен тарих және қоғамдық пәндер саласы туралы ЖОО-ның студенттеріне таныстыруда халық өкілдігі, ұлттық, халықтық және мемлекеттік егемендік, мемлекеттік басқару мен құрылым, әкімшілік-аймақтық бөлініс нысандары сияқты кешенді проблемалардың тұжырымдамасын жасады.

Қазақстан тарихының білім мазмұны күрделі өзгеріске түсуі оны оқытудың әдіс, тәсілдерін де жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатқа сай оқу құралдарының бөлімдерін, тақырыптарын жаңа мазмұнмен байыту заман талабы. Мысалы: ел тарихының оқытылуына баса назар аударатын өзекті мәселелердің бірқатары:

– Алдымен Қазақстан тарихын оқытуға арналған Білім және ғылым министрлігінің стандартқа сай типтік бағдарлама;

– Тұтастай ел тарихы кезең-кезеңмен ретті жазыла отырып, тарихи хронологиялық шегі нақтыланып, жүйелі жазылуы ескерілуі керек;

– Карта-кестелер, тарихи тұлғалардың бейнелері таза берілуі керек;

– жылнамалар мен тарихи дерек көздерінің жазылуы да нақты тақырыпқа сай болуы керек;

– Тақырыпты түсіндіруде оқытушы тақырып негізін қызықты тарихи-әдеби шығармаларда қалай суреттелгендігін және пәнаралық байланыстылықты да ескерген дұрыс сияқты;

– арнайы кабинеттер жабдықталып, қазіргі заманғы техникалармен қамтылуы әлі де қолға алынса; т.б.

Қазақстан тарихын оқыта отырып, студенттерге өз елін сүюді, қорғауды, қазақстандық патриотизммен бүгінгі заманның талабына сай ұлтжанды азамат болуға тәрбиелеуге бағытталуы қажет.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ**

1. Т. Хазіретәлі. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. Алматы, 2004.
2. Т.Т. Тұрлығұлов. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2006.
3. Б.А. Тұрғанбаева. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы, 2000.